Басқарма отырысының хаттамасына қосымша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының 2026 жылғы 19 қарашадағы № 37

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы өнім берушілерінің іскерлік этиканы сақтау қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1.1. Құжаттың мақсаты. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы өнім берушілерінің іскерлік әдепті сақтау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 — бабында көрсетілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарына негізделеді және "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі — Қор). әлеуетті өнім берушілерінің немесе өнім берушілерінің (бұдан әрі-Өнім берушілер) іскерлік әдепке, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілігіне қойылатын негізгі талаптарды айқындайды

1.2. Ұйымның мәртебесі. Қор Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторының субъектісі болып табылады. Қор қызметінің коммерциялық емес сипатына байланысты оның барлық сатып алулары тек жарғылық мақсаттарды іске асыруға бағытталған.

1.3. Қолдану саласы. Осы қағидаларды сақтау Өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға қатысуы және Қормен шарттар жасасуы үшін ажырамас талап болып табылады.

2 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес, Өнім беруші сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде шаралар қолдануға міндетті. Парақорлықтың, коммерциялық параның немесе делдалдықтың кез-келген көріністеріне қатаң тыйым салынады.

2.2. Мүдделер қақтығысы. Өнім беруші Қор жұмыскерлерінің жеке мүдделілігі шешім қабылдаудың объективтілігіне әсер етуі мүмкін жағдайларға (*Мемлекеттік сатып алу жеңімпазын таңдау, тауарларды, көрсетілген қызметтерді немесе орындалған жұмыстарды қабылдау-беру актілеріне қол қою*) жол бермеуге міндеттенеді. Егер оның басшыларының/ құрылтайшыларының жақын туыстары Қордың лауазымды адамдары болып табылса, Өнім беруші Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін дереу хабардар етуге міндетті.

2.3. Сыйлықтарға тыйым салу. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қор жұмыскерлеріне Өнім берушілерден кез келген сыйлықтарды, сыйақыларды немесе қонақжайлылық белгілерін қабылдауға қатаң тыйым салынады.

3-тарау. Сатып алудың ашықтығы және адал бәсекелестік

3.1. Сөз байласуға тыйым салу. Өнім берушіге сөз байласуға, бағаны мемлекеттік сатып алудың басқа қатысушыларымен үйлестіруге немесе бәсекелестікті шектейтін өзге де әрекеттер жасауға тыйым салынады.

3.2. Мәліметтердің дұрыстығы. Өнім беруші мемлекеттік сатып алу порталында ұсынылатын барлық құжаттардың (біліктілігі, рұқсаттары, лицензиялары және тәжірибесінің болуы туралы мәліметтерді қоса алғанда) түпнұсқалығы мен дұрыстығына кепілдік береді.

4-тарау. Әлеуметтік стандарттар және еңбек құқықтары

4.1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін сақтау. Өнім беруші өз қызметкерлеріне жалақының уақтылы төленуіне (Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі деңгейден төмен емес), еңбек және демалыс режимінің сақталуына кепілдік береді.

4.2. Еңбек қауіпсіздігі. Өнім беруші Қазақстан Республикасының стандарттарына сәйкес қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді. Қордың үй-жайларында немесе объектілерінде қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау кезінде Өнім берушінің персоналы Қордың қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтарды мүлтіксіз сақтауға міндетті.

5-тарау. Ақпараттың құпиялылығы

5.1. Коммерциялық немесе қызметтік құпия. Өнім беруші қызмет көрсету немесе жұмыстарды орындау барысында қол жеткізілген ақпараттың құпиялылығын қатаң сақтауға және коммерциялық немесе қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге міндеттенеді.

5.2. Дербес деректерді қорғау. Егер Өнім беруші Шартты орындау кезінде дербес деректерге қол жеткізсе, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жинауды, өңдеуді, сақтауды, пайдалануды және қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

6-тарау. Экологиялық жауаптылық

6.1. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтау. Өнім беруші өз қызметінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоршаған орта үшін

жағымсыз салдардың алдын алу және жою жөнінде қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

7-тарау. Мониторинг, аудит және жауаптылық

7.1. Тексеру құқығы. Қор **сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет** тұлғасында Өнім берушінің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігіне тексеру (сауалнама жүргізу, комплаенс-аудит) жүргізуге құқылы.

7.2. Санкциялар. Қағидалар нормаларын бұзуды Тараптар Шартты елеулі бұзу деп таниды және ол:

- Бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберуге;
- Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;
- Қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған кезде материалдарды Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарына жіберуге;
- Өнім берушіні сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізуге (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес) әкеп соғады.

8 тарау. Ақпараттандыру арналары

8.1. Өнім берушілер мен олардың қызметкерлері сыбайлас жемқорлықтың, Қор жұмыскерлері тарапынан қысымның немесе этиканың бұзылуының кез келген фактілері туралы:

- сенім телефоны / сенімді сенім телефоны: 8 (7172) 983-919.
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің электрондық поштасы: bekishev@gfss.kz тәуелсіз байланыс арналары арқылы хабарлауға міндетті.

9 тарау. Қорытынды ережелер

9.1. Қағидалар ол бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

9.2. Қағидалар қажеттілігіне қарай, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда қайта қаралуға және өзектілендіруге жатады. Заңнама өзгерген жағдайда Қағида тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін заңнаманың жаңа талаптарына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

9.3. Қағидалар Қордың интернет ресурсында орналастыру арқылы Өнім берушілердің назарына жеткізілуге тиіс (https://gfss.kz).